

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Шымкент кампусы
«Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру» факультеті
«Акушерлік - гинекология» кафедрасының тәрбие жұмысының
№4 хаттамасы

08.12.23ж

Кафедра мәжілісіне қатысқандар:

Каф. меңг. доцент., Л.М. Бегімбекова, оқытушылар: Р.Я.Утепова, А.Ж.Даниярова, М.А.Жапар, Г.А.Муздыбаева, Э.Н.Алиева, И.С.Саркулова, Н.А.Бархыбаева, М.А.Байбосын.

Білім алушылар: ЖМ– 33-22 интерндері, РАГк-02-22 резиденттері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жастар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық, әлімжеттіктің алдын-алу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлесіп «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында семинар-тренинг, профилактикалық жұмыстар жүргізу

1.Тыңдалды: Кафедра аға оқытушысы Н.А.Бархыбаева сөз алды: Акушерлік-гинекология кафедрасының ұйымдастыруымен, кафедра меңгерушісі Бегімбекова Л.М. және аға оқытушылар М.А.Жапар, Н.А.Бархыбаева, РАГк 02-23, ЖМ-33-22 топтары қатысуымен **«Азаматтық-құқықтық»** тәрбие бағыты аясында атқарылатын **«ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ -ЗОМБЫЛЫҚ»** атты іс-шара 08.12.23ж күні Шымкент қаласы білім басқармасының Отырар колледжінде өткізілді.

25 қараша 10 желтоқсан аралығында біз Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою бойынша халықаралық күрес 16 күндік акцияны атап өтеміз. Жалпы акцияның мақсаты-әйелдерге қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу, ана мен баланы қорғау және отбасылық құндылықтарды насихаттау. Бүгінгі таңда елімізде әйелдерге қатысты тұрмыстық құқық бұзушылықтар қоғамда өзекті болып тұр.

Модераторлар:Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент кампусы, Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, Акушерлік-гинекология кафедрасының меңгерушісі м.ғ.к., доцент Бегимбекова Ляззат Мыктыбековна, Отырар колледжі директорының оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Аширов Мұхан Зулпидинович болды.

Іс-шараға құқық қорғау органдарының өкілдері, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және жастар ұйымының өкілдері қатысты. Мамандар ҚР ІІМ Бауыржан Момышұлы атындағы Оқу орталығы полиция подполковнигі, з.ғ.к. Қаратаев Т.Ж, полиция подполковнигі Тұрғанов А.А., полиция подполковнигі Сырманов Н.«Отбасы саласындағы құқық бұзушылықтар» атты тақырыпта баяндама, «Сана Сезім» Әйелдер бастамалық құқықтық орталығы Қоғамдық бірлестігінің заңгері Сағынбек С.М. **«Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зорлықтың ауқымы»** атты тақырыпта баяндама жасады. Колледж студенттеріне **«Тұрмыстық зорлық зомбылық»** бейне ролигі көрсетіліп, **КАНООТ-интербелсенді ойынымен** кері байланыс жасалды. Кафедраның аға оқытушысы Бархыбаева Н.А.«Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық»-медицина бағытындағы белгілері атты презентацияны баяндады. Кафедраның аға оқытушысы:Жапар М.А. залдағы студенттер және оқытушаларға *Сауалнама* жүргізді. Отырар колледжі психолог маманы Пралиева Б, Отырар колледжі Жастар комитетінің төрағасы Мейірбеков Д.Н. осы өтіліп жатқан іс-шара аясында пікір алмасты.





Шешімі: Мәлімет назарға алынсын.

Кафедра меңгерушісі:

Л.М.Бегімбекова

Тәрбие жұмысы бойынша жауапты:

Н.А.Бархыбаева